Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Тәуелсіз Қазақстан. Жаңа ереже және жаңа талап. Қазақ елі тәуелсіздік алғалы жүрегіне жаңа дем пайда болды. Аспан менен кең даланың тарих үні астасып, жаңа бағыттармен жаңғырғандай. Ең алғаш түрік елі құттықтаса, келесі күні АҚШ бірінші болып құжат жүзінде Қазақстан егемендігін мойындады. Осылайша, қазақ тарихының жаңа беті ашылып, келесі "Тәуелсіз-ел" бөлімі жазылып келеді. Алғашқы президент Н.Назарбаев Жинулы өңірлік қауіпсіздіктің экономикалық, әрі саяси талаптарын бірден қарастырды. Недегенмен "Қазақстан-Азияның кілті, көпірі. Бір Жетісудың өзі біраз аймақтың түйіскен жері еді". Бұндай байтақ далаға көз тіккендер аздың қасы емес. Осы себептен Н.Назарбаев Қазақстанның аумағын, шекарасын нық, әрі нақты белгілеген. Бұлай болмағанда, қазірде елі тәуелсіздігі үшін қан төгіп жатқан елдер қатарында болар ма едік...

1991 ж Қазақстан тәуелсіздігінің жарияланғаннан кейін жас мемлекет үшін ең басты міндеттерінің бірі-ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін геосаяси тұрақсыздық, шекара мәселелері, ядролық мұра, аймақтық қақтығыстар Қазақстанды теңгерімді.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

әрі көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуге итермеледі. Осы кезеңде Қазақстан халықаралық қауіпсіздік жүйесінің белсенді қатысушысына айналды.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қауіпсіздік ұғымы өзгерді. Егер бұрын ол әскери қатермен шектелсе, енді терроризм, экстремизм, есірткі тасымалы, ядролық қарудың таралуы, киберқауіпсіздік сияқты жаңа сын-қатерлер алдыңғы орынға шықты. Қазақстан осы қауіптерге жауап ретінде БҰҰ, ТМД, ЕҚЫҰ аясында халықаралық ынтымақтастықты күшейтті. 2010-жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі елдің халықаралық беделін арттырды және өңірлік қауіпсіздіктегі рөлін айқындады.

Азияда Қазақстан сонау ғасыр шыңырауынан үлкен рөл атқарды. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара іс-қимылы мен сенім шаралары қандай болған? 1992 жылы БҰҰ мінберінде Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев АӨСШК құру туралы бастама көтерді. Бұл ұйым Азия құрлығындағы мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтуға бағытталды. АӨСШК терроризмге қарсы күрес, әскери аймақтың, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту

қамтамасыз етудің маңызды тетігіне айналды. Бұл-Қазақстанның бейбітшілікке негізделген сыртқы саясатының айқын көрінісі. Менің ойымша АӨСШ-ның ізі бүгінде әлі жалғасып келеді. Себебі, оның күрескен мәселелері- бүгінде ең өзекті мәселелердің бірі. Осыған қарап жастар бүгінде өз еріктерімен гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуда. 1994 жылы Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, әлемдік қауымдастық тарапынан қауіпсіздік кепілдеріне ие болды. Бұл шешімдер Қазақстанды бейбітшілікке ұмтылған мемлекет ретінде танытты. Сонымен АӨСШ-ның Қазақстанның дипломатиялық бастамашылдығын және өңірлік қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі айқын екенін көреміз.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы - Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ең маңызды өңірлік құрылымдардың бірі. Ұйымның қалыптасуы XX ғасырдың соңындағы Орталық Азиядағы күрделі геосаяси жағдаймен тығыз байланысты болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан соң аймақта шекара мәселелері, этникалық қақтығыстар күшейді. Осы бір жағдай мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтудағы қажеттіліктер талап етті.

1996 жылы Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан арасында "Шанхай бесті"

келісімі құрылды. Оның басты мақсаты-шекара маңындағы әскери сенімді нығайту болды, және әрине қарулы күштерді азайту. Бұл келісімдер аймақтағы тұрақтылықты сақтауға алғашқы нақты қадам болды. 2001 жылы Өзбекстан қосылуымен ұйым ресми түрде Шанхай ынтымақтастық ұйымы деп аталды. ШЫҰ-ның негізгі мақсаттарының, бағыттарының бірі- "үш зұлымдыққа" қарсы күрес, экстремизмге қарсы бірлескен әрекеттер. Бұл мәселе Қазақстан үшін аса маңызды болды, себебі Орталық Азия радикалды топтардың ықпалына осал аймақтардың бірі саналды. Ұйым барысында терроризмге қарсы арнайы құрылым-Аймақтық терроризмге қарсы құрылым (РАТҚ) құрылды. Оның штаб пәтері-Ташкент қаласында орналасқан. Қазақстанның ШЫҰ-дағы рөлі оның көпвекторлы сыртқы саясатын нақты көрсетті. Ел бір мезгілде Ресеймен де, Қытаймен де теңқұқықты әріптестік орнатып, аймақтың тепе-теңдігін сақтады. Бұл саясат Қазақстанды ірі державалар арасындағы сенімді серіктеске айналдырды.

Каспий теңізі аймағы-әлемдік энергетикалық саясаттың маңызды бөлігі. Қазақстан үшін Каспийдің құқықтық мәртебесін айқындау экономикалық қауіпсіздік негізгі шарты болды.

Қазақстан Каспий теңізінің түбін ұлттық секторларға бөлу және ресурстарды бейбіт жолмен пайдалану қағидатын қолдады. Бұл ұстаным мұнай-газ кен орындарын игеруге және шетелдік инвестиция тартуға жол ашты. 1998 жылдан бастап Қазақстан Ресеймен, кейін Әзербайжанмен Каспий теңізінің түбін бөлу жөнінде екіжақты келісімге қол қойды. Бұл келісімдер Солтүстік Каспийдегі мұнай-газ кен орындарын, соның ішінде Қашаған сияқты ірі жобаларды игеруге мүмкіндік берді. Осылайша, Қазақстан шетелдік инвестиция тартуға және энергетикалық әлеуетін арттыруға қол жеткізді. Каспий теңізінің мәртебесі тек экономикалық емес, әскери-саяси қауіпсіздікке қатысты еді. Қазақстан Каспий аймағын бейбітшілік пен ынтымақтастық кеңістігі ретінде қарастырып, теңізді милитаризациялауға қарсы шықты. Ұзақ жылдарға созылған келіссөздер нәтижесінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі бойынша ортақ ұстанымдар қалыптасты. Бұл үдеріс Қазақстанның дипломатиялық табандылығы мен прагматизмінің жарқын мысалы деп шүбәсіз айта аламын.

Мемлекеттік шекара-кез-келген тәуелсіз мемлекеттің егемендігінің, аумақтық тұтастығының және ұлттық қауіпсіздік негізгі белгісі. 1991 жы тәуелсіз ел атанып, шекара мәселесі Қазақстан →
үшін өзекті мәселеге айналды.

№6

Жас мемлекетке алдында шекараны де лимитацияллау және демаркациялау міндеті тұрды.

Қазақстан жер көлемі бойынша ірі мемлекеттердің бірі бола отырып, ең ұзын құрлықтық шекарасы бар елдердің қатарына жатады. Ол Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан елдерімен шектеседі.

1990-жылдардан бастап Қазақстан өзге елдермен шекара бойынша екіжақты келіссөздер жүргізе бастады. Ең күрделі, ірі ауқымдысы - Ресеймен шекараны белгілеу болды. Себебі Ресей - Қазақстан шекарасы ең ұзын құрлықтық шекара. Қытай елімен де шекара мәселесін шешу ерекше маңызға ие болды. Кеңес дәуірінен қалған дауы аумақтар дипломатиялық келіссөз арқылы шешілді. Қазақстанның шекара мәселесін бейбіт жолмен шешуі халықаралық қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды.

Тоқсан сөздің тобықтай түйініне келсек, Қазақстан тәуелсіздік алған соң жан-жақты өрбіді. Бұл кезеңдегі алғашқы міндеттер - егемендік нығайту, аумақтық тұтастық сақтау және өзге елдерге сенімді ел болып танылу еді. Қазақстан дамушы ел ретінде әр міндетін жақсы орында-ды, және бұл мемлекеттің берік негізін қалады. Бүгінде Қазақстан талай дамыған елмен терезесі тең мемлекет.

Мен сенімен мақтанамын,

Қазақстан!